

"Қазақстан Республикасы ішкі су жолдарының жағалау белдеуін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 қыркүйектегі № 910 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1434 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы ішкі су жолдарының жағалау белдеуін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 қыркүйектегі № 910 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 34, 469-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі су жолдарының жағалау белдеуін пайдалану ережесінде:
4 - тармақ алып тасталсын;
5-тармақтың бірінші абзацы алып тасталсын;
8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жағалау белдеуінде орналасқан объектілерді салу немесе қайта жаңарту жобалары міндетті түрде мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылуы тиіс."

2. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2012 жылғы 30 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*